



«Несіп» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 оқу жылы қазақ тілінің перспективалық жоспары
Ортаңғы «ПОЧЕМУЧКИ» ТОБЫ

Қазақ тілі пән мұғалімі: Нетбаева Г.

2025-2026 оқу жылы

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қыркүйек

Өтпелі тақырып: Балабақша

Мақсаты: Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.

Мерзімі: 02.09-26.09.2025

I апта	II апта	III апта	IV апта
Балабақшаға саяхат. Кел, танысайық! Қазақ тілін тыңдап, оны түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеуін, сөзді есту және көру арқылы қабылдауын, диалогтық сөйлеуін, зейіні мен ойлау қабілетін, жағымды көңіл күйін дамыту. Ересек адамдар және құралпастарымен қарым-қатынасқа түсу, өзін сыпайы, мәдениетті ұстаудың негізін қалау.	Сәлем сөздің анасы.Кел танысайық! Қазақ тілін тыңдау, оны түсіну, қабылдай алуды үйрету; ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсіну және қолдана алуды, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Үй жануарлары және оның төлдері. Қазақ тілін түсіну, ертегі айтуға ынталандыру, жұрнақ пен жалғауды қолдануды үйрету. Жануарлар мен төлдерін атау, қарама-қарсы сөздерді ажырату, дыбыстарды нақты айтуға жаттықтыру. Мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.	Ойыншықтарым көп менің,Бәрін жақсы көремін! Қазақ тілін дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Артикуляция, фонематикалық есту, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі : 29.09-31.10.2025

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қазан

Өтпелі тақырып: Күз сыйы

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

I апта	II апта	III апта	IV апта	V апта
Алтын күз.Сап-сары жапырақтар. Қазақ тілін тыңдау, күз мезгілінің белгілерімен және еңбек түрлерімен таныстыру. Жапырақтар, көкөністер мен жемістердің түстерін атауды, ересектердің сөзін түсінуді үйрету. Артикуляция, фонематикалық есту, зейін мен ойлау қабілетін дамыту. Табиғаттың сұлулығын сезінуге және еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.	«Не қайда өседі?».Көкіністер мен жемістер.Түстер әлемі. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын еске сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсінуді үйрету	Нан дастарханға қалай келеді? Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру. Артикуляциялық аппаратын, фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу, жалпылауыш сөзді есту арқылы қабылдауын дамыту; табиғаттағы түстерді қабылдай алу, оларды ұқсас түстермен сәйкестендіре алу қабілетін дамыту. Зейіні мен ойлау қабілетін дамыту. Ересек адамдардың еңбегіне құрмет негіздеріне баулып, нанды қастерлей білуге баулу.	«Алтын күз».Жыл құстары. Қазақ тілін түсінуді, «күз» сөзін қолдануды, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атауды, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіруді үйрету.	Жыл құстары.Қайталау Өткен тақырыпты еске түсіру. Сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атауды, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіруді үйрету.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 03.11-28.11.2025

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қараша

Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

I апта	II апта	III апта	IV апта
Күзгі жаңбыр. Жаңбыр түрлерін атауды, жаңбыр мен жапырақ туралы сөз тіркестерін құруды үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту, артикуляция, сөйлеу, зейін мен ойлау қабілетін дамыту. Табиғаттың сұлулығын сезініп, достыққа ұмтылуға тәрбиелеу.	«Жолға дайындал...».Көліктер.Түстер әлемінде. Көлік түрлерін және түстерін дұрыс атауды үйрету. Көліктердің жүруін сипаттайтын сөз тіркестерін құруды, буындарды дұрыс айту дағдыларын дамыту. Артикуляция, сөйлеу, дыбыстарды есту және үндестікті қабылдау қабілеттерін жетілдіру. Зейін, ойлау қабілетін дамытып, достыққа тәрбиелеу.	Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. «Қоян тонын неге ауыстырады?» Ормандағы жабайы жануарлар мен күздің белгілері туралы білімді тереңдету. Қазақ тілінде қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануды үйрету. Орманға қызығушылықты, еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, тыңдау қабілеттерін дамыту. Жануарлар туралы жұмбақтарды шешуге баулу. Табиғатты құрметтеп, мейірімділікке тәрбиелеу.	«Орманда нелер мекендейді?».Жабай аңдар. Жабайы аңдардың атауларын есте сақтауды, «Үйшік» ертегісін тыңдап, мазмұнын түсінуді үйрету. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға, оқиғаларды елестетіп, сөйлеу мен қиялды дамытуға ықпал ету. Ертегілерге сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 02.12-31.12.2024

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Желтоқстан

Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным!

Мақсаты: Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Қыс қызығы» Қыс мезгілі туралы білімдерін жүйелеу, қысқы іс-шаралар мен ерекше түсініктерді бекіту. Сұрақтарға дұрыс жауап беруді, көркемсөз үлгілері арқылы сөйлеуді дамыту. Есту, көру, зейін мен логикалық ойлауды жетілдіру. Музыкаға эмоционалдық жауап беру қабілетін және табиғатқа сүйіспеншілік, қайырымдылық, жанашырлық сезімдерін тәрбиелеу.	«Үйдің көркі не?».Жиһаздар. Балаларға Қазақстан және Астана қаласы туралы қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды үйрету, жиһаздардың атауларын атап, не үшін қажет екенін түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.	«Шыршаның бастан кешкендері» Өлеңдерді жаттап, мазмұнына қарым-қатынас білдіруді үйрету. Қыс мезгілі мен мерекелер туралы білімді кеңейту, қысқы іс-шараларды бекіту. Сөйлеуді жандандыру, сұрақтарға дұрыс жауап беруді дамыту. Есту, зейін, музыкаға эмоционалды қарым-қатынас пен қайырымдылық сезімдерін тәрбиелеу.	«Дана далаға не киеді?».Киімдер. Шағын өлеңді ересек адамның көмегімен жаттап, оның мазмұнына қарым-қатынас білдіруді үйрету. Киім атауларын, ойыншық атауларын дұрыс айту және қолдану дағдыларын дамыту. Диалог сөйлеу, есту мен көру арқылы қабылдау, зейін, ойлау қабілетін жетілдіру. Қысқы мерекелерге жағымды қарым-қатынас пен достыққа тәрбиелеу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 05.01-30.01.2026

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қаңтар

Өтпелі тақырып: Қызықты қыс мезгілі!

Мақсаты: Қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Қыстағы ойын-сауық түрлері» Қысқы ойындар мен қар туралы білімді кеңейту, жағымды көңіл күйін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсініп, «қысқы ойындар» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін құруды және сын есімдердің жалғауларын өзгерту дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеуді жетілдіру, қысқы ойындар туралы ақпаратты есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Қыс қызығы туралы сөйлесіп, байқағыштық, сұлулық сезімі мен көркемсөзге қызығушылықты дамыту.	«Қыс бізбен қар атысып ойнайды».Қыс жыл мезгілі. Қар туралы өлең жолдарын қайталап оқып, сөздерді анық айтуға үйрету. Қыс туралы қарапайым сөз тіркестерін құрып, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеуді, қысқы табиғат туралы ақпаратты есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сөйлесуді, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамыту. Жағымды эмоциялар мен байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлықты дамыту.	Орман тұрғындарының бастан кешкендері.Қазақ тілін түсінуді, аңдарды дұрыс атауды және олардың қысқы тіршілігін білуге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, заттардың көлемін салыстыру кезінде атауды, дыбыстарға еліктеу арқылы артикуляциялық аппаратын дамыту. Қыстап қалатын құстарды ажыратып, атауды, сөздерді дұрыс сөз тіркестеріне құрауды үйрету. Көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін дамыту, есту, сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін және ойлау қабілетін дамыту. Аңдарға және қыстап қалатын құстарға жанашырлық пен қамқорлық сезімдеріне баулу.	«Құстар біздің досымыз».Қыстап қалатын құстар. Қазақ тілін түсінуді, қыстап қалатын құстарды ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде сөз тіркестерін құрастыруды, көлемдерді салыстыруды дамыту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру, көру мен есту арқылы зейін мен ойлауды дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 02.02-27.02.2026

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Ақпан

Өтпелі тақырып: Мен және қоршаған орта

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезіну.

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Адамдар.Адам бетінің бөліктері.Тазалық денсаулық кепілі.» Балалардың дене мүшелері, адам бетінің бөліктері және адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіні туралы білімдерін қалыптастыру. Пантомимика арқылы қозғалыс пен сөйлеу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратын жетілдіру, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін, есту зейінін және ойлау қабілетін дамыту. Жағымды көңіл күйін білдіруді үйрету. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасты қалыптастыру және мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу.	«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?»Ыдыстар. «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.	«Тұрмыстық техника».Қауіпсіздік сақтау. Тұрмыстық техниканың түрлері мен мақсатын түсінуді бекіту, оларды мақсаттарына қарай ажыратуды үйрету. Электр құрылғылары мен қауіпсіздік ережелерін меңгеру. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеу және ойлау қабілетін қалыптастыру. Тұрмыстық техниканы қолдануда ұқыптылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	«Данаға арналған дастархан».Азық-түліктер. «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құру, жаңа сөздердің септік жалғауларын анық қайталап айтқызу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Наурыз

Өтпелі тақырып: Салт-дәстүрлер және фольклорлар

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыруға, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағыттау.

Мерзімі:02.03-03.04.2026

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).	«Көрікті көктем».Көктем жыл мезгілі. Көктемге тән белгілерді таныстыру (қар ериді, ағын су ағады, құстар ұшып келеді, күн жарқырайды). Құстар мен олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (ұя салу, балапан басу). Құстардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін (қауырсын, қанат, тұмсық, қимыл-әрекеттер) кеңейту.	Наурызым,армысың! «Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.	«Бұл менің отбасым».Отбасы мүшелері. «Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тілінде мәтінді тыңдау және түсіну, отбасы мүшелерінің атауларын айту, сөз тіркестерін таңдау. Суреттер мен сөздер арқылы қабылдауды дамыту, монологтық сөйлеу, диалогқа түсу дағдыларын қалыптастыру. Отбасына және жақындарына деген жылулық сезімдерге баулу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 06.04-30.04.2026

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Сәуір

Өтпелі тақырып: Табиғат әлемі

Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту.

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Ғарышкер деген кім?» Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.	«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, қазақ тіліндегі тақпақтарды тыңдауды және түсінуді үйрету, педагогтің үлгісімен жатқа айтуды дағдыландыру. Еліктеу сөздерін дұрыс қолдануды, төл сөздер мен еркелетілген атауларды анықтауды дамыту. Тақпақтар мен мазақтамалар мазмұны бойынша дыбыстарды есту арқылы қабылдау қабілеттерін арттыру. Монологтық сөйлеуді, қиял мен жағымды көңіл күйін білдіру дағдыларын дамыту.	«Ақ қайын».Ағаштың құрылымы. Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету.	Бұл менің Отаным.Қазақстан. Қазақстан туралы сөздерді тыңдап, түсіну, мемлекеттік рәміздерді жаттау, жаңа сөздерді дұрыс қолдану. Суреттер арқылы ақпаратты қабылдау, сөйлеу мен ойлау қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Почемучки» «Ладушки»

Мерзімі: 04.05-29.05.2026

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Мамыр

Өтпелі тақырып: Әрқашан күн сөнбесін!

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастырады.

I апта	II апта	III апта	IV апта
«Отаным-бақыт мекенім!».Жеңіс күні. Отан туралы сөздерді тыңдап, түсініп, жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Суреттер мен қайталанатын сөздер арқылы ақпаратты қабылдауды дамыту. Отансүйгіштік сезімдер мен бақылау дағдыларын арттыру, сөйлеу мен ойлауды, жағымды көңіл күйді дамыту.	«Жердің көркі-гүл».Гүлдер әлемінде. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу.	«Адамдардың көктемгі еңбегі» Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулу.	Жайдары жаз келді! Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдануды үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуді, ойлауды, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.

